

ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІНІҢ ҮЛГІЛІ ШАРТЫ

Астана қ.

№ _____/ДФЛ/18

«____» _____ 2018 ж.

«ҚазМедТех» акционерлік қоғамы, «Лизинг беруші» деп аталатын _____ атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, бір жағынан, _____, деп аталатын «Лизинг алушы» _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, және _____, бұдан әрі «**Өнім беруші**» деп аталатын _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, үшінші тараптан, бірге Тараптар деп аталатын, ал жеке-жеке Тарап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1729 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы (бұдан әрі – Қаулы), (Лот №__) өткен _____ (тәсілін көрсету) арқылы сатып алу қарытындысы «____» _____ 2018ж. № _____ хаттамасы негізінде қаржы лизингі шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

Аталымдар және анықтамалар

1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) Шарт - Ережелерге сәйкес Лизинг беруші, Лизинг алушы және Өнім берушінің арасында жасалған қаржылық лизингі үш жақты шарт, жазба түрінде белгіленген, барлық қосымшалары мен толықтыруларымен бірге Тараптардың қолдары қойылған, сонымен қатар Шартта сілтемелері бар барлық құжаттамаларымен;

2) қаржы лизингі (бұдан әрі - лизинг) - лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг шартымен келісілген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақысына және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін кемінде үш жыл мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі. Бұл орайда лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын беру мына талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сай келуге тиіс:

лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) ұсыну лизинг шартымен айқындалады;

лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 пайызынан асады;

лизинг төлемдерінің лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі ағымдық (дисконтталған) құны лизингтің берілген нысанасы құнының 90 пайызынан асады;

3) Лизинг нысанасы - Шартқа сәйкес сандағы және сапасындағы медициналық техника;

4) Лизинг нысанасының құны - Лизинг беруші Өнім берушіге соңғысы өз шарт міндеттемелерін толық және тиісті сапада орындаған кезде төленетін ақша сомасы;

5) Лизинг беруші - тартылған ақша және (немесе) өз ақшасы есебінен Лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны Лизинг алушыға шарттың талаптарымен беретін лизинг мәмілесіне қатысушы;

6) Лизинг алушы - Шарттың талабымен Лизинг нысанасын қабылдайтын денсаулық сақтау ұйымы (лизинг мәмілесінің қатысушысы);

7) Лизингілік төлемдер - лизингілік төлемдер кестесі бойынша есептелетін кезеңдік төлемдер;

8) Өнім беруші - Қазақстан Республикасының Қаржылық лизинг туралы заңнамалық актілеріне сәйкес Шарт жасасқан, кәсіпкерлік іс-әрекет жасаған заңды немесе жеке тұлға;

9) Ілеспе көрсетілетін қызметтер - Лизинг нысанасын жеткізуін қамтамасыз ететін қызметтерді, тасымалдау, сақтандыру және басқа да көмекші қызметтерді қамтитын қызметтер (монтаждау, іске қосу, техникалық жәрдем көрсету, оқыту және Өнім берушінің осы Шартта көзделген басқа да осыған ұқсас міндеттері);

10) Лизинг мерзімі - лизинг нысанасы Шартқа сәйкес Лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін мерзім. Бұл орайда Лизинг берушіде лизинг нысанасына меншік құқығының сақталуы кезінде Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы лизинг мерзімін өзгертуге әкеп соқпайды;

11) Лизинг төлемдерінің кестесі - лизинг төлемдерінің мерзімдері, өтеу мөлшері, сыйақының жалпы сомасы және Шарттың 3-қосымшасына сәйкес Лизинг нысанасының жеткізу мерзімін ескере отырып, әр Лизинг алушыға жеке дара қалыптастырылатын бір айдағы медициналық қызметтердің жоспарлы саны туралы ақпарат;

12) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі.

1. Шарт нысанасы

2. Лизинг беруші Өнім берушіден Лизинг нысанасын 1 бірлікте өз меншігіне сатып алуға және медициналық қызмет көрсетуге және кезең-кезеңмен оны төлеп алу үшін осы Шартта көзделген тәртіппен Лизинг нысанасын пайдалану мақсатында Лизинг алушы уақытша иеленуіне және пайдалануына беруге міндеттенеді, ал Өнім беруші Лизинг алушыға осы Шартта көзделген талаптарында және тәртіппен Лизинг нысанасын қабылдауға міндеттенеді.

3. Шартта көзделген Лизинг берушінің алдында өз міндеттерін толық атқарғаннан кейін Лизинг алушымен анықталған Лизинг нысанасы Лизинг алушының меншігіне ауысады.

4. Лизинг алушы Лизинг нысанасын Шарттың барлық қолдану мерзіміне түгелдік, жеделдік, ақылшылық талаптарына орай алады.

5. Лизинг нысанасын уақытша иеленуге және пайдалану құқы осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі - қабылдау-тапсыру актісі) Лизинг беруші, Лизинг алушы және Өнім берушінің араларындағы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен Лизинг алушыға толығымен ауысады.

6. Өкілеттіктер: Өнім беруші, Лизинг беруші және Лизинг алушы, бұл орайда басқасы осы Шарт Тараптарының бірінің ішкі құжаттарымен қарастырылса, осындай мәмілелерді жасасуға әрқайсысының толық және шексіз құқы бар екендігіне бір-бірін куәландырып кепілдік береді.

2. Лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру шарттары және мерзімі

7. Лизинг нысанасын саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша Лизинг алушыға тапсыру, Лизинг беруші, Лизинг алушы және Өнім беруші қабылдау-тапсыру актіне қол қоюымен рәсімделеді. Лизинг беруші Лизинг нысанасын қоса алғанда 2018 жылдың «___» _____ мерзіміне дейін тапсыруды жүзеге асыру тиіс.

8. Лизинг нысанасын жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, _____

9. Лизинг нысанасын Өнім беруші Лизинг алушыға оның темір жол және/немесе автомобиль көлігімен тиеу, тасымалдау, түсіру кезінде өнімді бұзылудан сақтайтын тиісті қаптамада, паллеттерде жеткізілуі тиіс. Қаптама қандай да бір шектеусіз қарқынды көтеру-көлік өңдеуді және төтенше температуралардың, тасымалдау кезіндегі тұздың және жауын-шашынның, сонымен қатар ашық сақталудың әсерін көтеруі тиіс. Қапталған жәшіктердің және олардың салмағының габариттерін анықтаған кезде жеткізудің ақырғы бекетінің қашықтығын және Лизинг нысананың барлық сапар жолдарында пәрменді жүк көтеретін құралдардың бар болуын ескеру қажет.

10. Лизинг нысананың таңбалауы, тұтынушының қаптамасы және пайдалану бойынша нұсқау (пайдалану құжаты) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

11. Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем құралдарын қамтамасыз ету жүйесінің тізіміне кірген өлшем құралдарына жататын және тексерістен немесе метрологиялық сараптамадан өткен Лизинг нысанасы.

12. Лизинг нысанасын саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша тапсыру оны пайдалануға енгізу күніне жүзеге асырылады және Лизинг берушімен, Лизинг алушымен және Өнім берушімен қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылумен рәсімделеді. Лизинг алушыға тапсыруға жататын мүлікті анықтайтын Лизинг нысанасының зауыттық сериялық нөмірлер қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі.

Лизинг нысанасын тапсырумен бір мезгілде Өнім беруші Лизинг алушыға өндіруші-зауыттың пайдалану құжаттамасының жинағын (пайдалану бойынша нұсқау, қызмет көрсету кітапша, кепіл талондары, төлқұжаттар және/немесе басқа да құжаттар) тапсырады.

13. Қабылдау-тапсыру акті Лизинг алушы Лизинг нысанасын алуын, сонымен қатар Өнім беруші Лизинг нысанасын жеткізу жөніндегі шарттың орындалуын, сондай-ақ басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделмесе, Лизинг алушының талаптарына Лизинг нысанасы сәйкес келуін және техникалық ерекшелікке қатаң сәйкес растайтын құжат (осы Шартқа №1-қосымшасы). Қабылдау-тапсыру актісіне Лизинг алушы, Лизинг беруші, Өнім беруші қолдарын қояды және болған жағдайда Тараптардың мөрлері басылады.

14. Лизинг нысанасын берілуімен қатар, Өнім беруші жалдаушыға пайдалану құжаттама жинағын (пайдалану нұсқаулығын, қызмет кітабын, кепілдік карталарын, төлқұжаттарын және / немесе басқа құжаттарды) береді.

15. Лизинг нысанасын қабылдауға Лизинг беруші өкілеттерінің бастапқы шығуына байланысты іссапар шығындарын қоспағанда, Лизинг нысанасын жеткізу жеріне дейін тасымалдауға және Лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру рәсіміне байланысты барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

16. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттерін атқармаған және/немесе лайықсыз атқарған үшін Лизинг беруші Лизинг алушының алдында жауапты емес.

17. Лизинг нысанасын пайдалануға енгізудің оң көрсетілу сәттен 24 (жиырма төрт) сағат ішінде қабылдау-тапсыру актіне қол қою міндетті, сонымен қатар Лизинг алушы лизингтік төлемдер кестесіне қол қоюға немесе қол қоюдан жазбаша түрдегі бас тартудың дәлелін ұсыну міндетті. Тараптардың біреуімен қабылдау-тапсыру актісіне дәлелді қол қойылмаса, аталған актіге қол қою бойынша кедергі шапшаң жойылады. Лизинг алушы қабылдау-тапсыру актісіне және/немесе қол қоюдан дәлелсіз бас тартып лизингтік төлемдердің кестесіне қол қою мерзімдерін бұзған үшін, Лизинг алушы Лизинг берушіге Шарттың 106 тармағына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлейді.

18. Лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру мерзімі сақталмаған жағдайда, сонымен қатар ол Лизинг алушының аймағында болған жағдайда, соңғысы Лизинг нысанасының сақталуы үшін жауапты, сондай-ақ Лизинг нысанасын сақтау және күзету бойынша шығындарды төлейді.

19. Лизинг нысанасын жеткізуді және ілеспе қызмет көрсетуді Өнім беруші Шарт талабымен тендерлік құжаттамаға сәйкес іске асырады.

20. Өнім беруші Лизинг алушыны жеткізудің болжалды күніне дейін 10 (он) жұмыс күн бұрын жазбаша түрде ескертуді және бастапқы шот-фактураны және тауарларға арналған шот-фактураны қоспағанда, Шарттың 32 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсынуға міндетті. Лизинг нысанасын жеткізу Лизинг берушінің және Лизинг алушының келісімімен жүзеге асырылады.

21. Лизинг нысанасын мерзімінен бұрын жеткізу Лизинг берушінің және Лизинг алушының келісімімен жүзеге асырылады.

22. Лизинг нысанасын қабылдаған кезде табылған сәйкессіздіктер, кемшіліктер және осы Шарт талаптарының басқа да бұзушылықтары, Лизинг нысанасын қабылдауға бас тарту үшін негіз болып табылады. Бұл орайда Лизинг беруші, Өнім беруші, Лизинг алушының араларындағы осы Шарттың 4-қосымшасына сәйкес рәсімделетін сәйкессіздік туралы актісіне қол қойылады, ал Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағанға немесе тиісті түрде орындамағанға байланысты Лизинг берушінің іссапарлық шығындарын Өнім беруші өтейді, оларды Лизинг беруші Шарттың шеңберінде басқа да өзінің құқықтарына зиян келтірмей Лизинг нысанасының құнынан ұстап қалуға құқылы.

23. Лизинг нысанасының жариялануы немесе жоғалу тәуекелін Лизинг нысанасының қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен Лизинг алушыға ауысады.

24. Өнім беруші Лизинг нысанасын жеткізу процесіне Лизинг нысанасында жұмыс жасау үшін қызметкерлерді оқытуға, Лизинг нысанасын орнату, жөндеу және қосуына құжаттамалық растауы бар білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Лизинг нысанасын жеткізу кезінде Өнім беруші Лизинг нысанасын бағдарламалық жасақтамаға рұқсат алу үшін Лизинг берушіге барлық сервис-кодтарды ұсынуға тиіс.

Ілеспе қызмет көрсетудің бағалары Лизинг нысанасының құнына кіреді.

25. Шарттың құжатына Тараптармен қол қойылған жазбаша өзгерістерден басқа ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (Өнім беруші ұсынатын сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, тиеу әдісі, қаптамалар, жеткізу орны немесе қызметтер) кіргізілмейді.

26. Лизинг нысанасының қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен Лизинг алушы 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде, Лизинг нысанасына қызмет көрсету жөніндегі бастапқы медициналық құжат нысандарына медициналық техниканың коды арқылы қойылатын мөртаңба сатып алуға міндеттенеді¹.

3. Өнім беруші және Лизинг берушінің арасындағы өзара есептесу шарттары мен тәртібі

27. Лизинг беруші Өнім берушіге төлеуге жататын Лизинг нысанасының құны

_____ (жазбаша _____) теңге, оған барлық салықтар, алымдар және Қазақстан Республикасының заңнамалығымен көзделген басқа да міндетті төлемдер, өнімнің буып-түюіне және таңбалауына, ілеспе қызметтерге жұмсалған шығындар, сонымен қатар Лизинг нысанасын жеткізумен байланысты Жеткізушінің барлық шығындары кіреді.

28. Лизинг нысанасының құны Өнім беруші тендерлік өтінімінде белгілеген бағаға сәйкес келуі тиіс.

29. Лизинг нысанасының құны көбею жағына қарай өзгертілмейді.

30. Өнім берушіге жеткізуге қажетті құнын немесе мерзімін азайту бағытында өзгерту Тараптар келісе отырып, құнын және жеткізу кестесін тиісті түзетуге әкеп соғады.

31. Төлем Өнім берушіге Шарт бойынша Лизинг нысанасын жеткізген үшін, Шарттың 32 тармағында көрсетілген нұсқада және мерзімінде, 17-тарауында көрсетілген Өнім берушінің банкілік шотына аудару түрде жүзеге асырылады.

32. Төлемдердің мерзімі:

1) Лизинг нысанасының құнынан ___% мөлшеріндегі алғытөлем - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығымен белгіленген талаптарына сәйкес келген мына құжаттардың қосымша тіркелген қосымшалары бар хатты Өнім беруші ұсынған күннен 10 (он) банкілік күн ішінде;

2) Лизинг беруші Лизинг нысанасының жалпы құнынан ___% қалған сомасын өнім берушіге лизинг нысанасын пайдалануға енгізілген күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде тең төлемдермен өтеу кестесіне (шартқа 5 қосымша) сәйкес төлейді. Қабылдау-тапсыру актісіне Өнім беруші, Лизинг беруші мен Лизинг алушы қол қойғаннан кейін өтеу кестесі өнім беруші мен лизинг беруші келесі құжаттарды ұсынуымен қол қойылады:

- шот-фактураның түпнұсқасы/электронды шот-фактура;
- тауарға шығыс жүкқұжаттың түпнұсқасы;
- шыққан жері туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- өлшем құралдарын бастапқы тексеру және сынақ жабдығы туралы тиісті сертификаттың немесе Лизинг нысанасы өлшем құралы болып табылса, өндіруші-зауыттың бастапқы тексеруді тану туралы тиісті құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- техникалық және пайдалану құжаттаманың қазақ және/немесе орыс тіліндегі аудармасы;
- кепілдіктің барлық мерзіміне сервистік қызмет көрсетудің жүргізу кестесі;

¹ бұл тармақ мемлекетке тиесілі дауыс беретін акцияларының жүз пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және шаруашылық серіктестіктердің ұйымдастыру-құқықтық нысанында Лизинг алушылар үшін әрекет етеді.

- Лизинг нысанасының тіркелуін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- Лизинг нысанасы өлшем құралы болып табылмайтын ақпаратты растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе өлшем құралы типін бекіту туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

33. Өнім берушінің кесірінен Лизинг нысанасы үшін алғытөлемнің төлем мерзімі өткізіп алынса (Шарттың 32 тармағында көзделген құжаттарды беймезгіл, сапасыз ұсынылуы) Шарттың 7-тарауында көрсетілген жеткізу мерзімі созылмайды.

34. Өнім беруші тарапынан жеткізу кешіктірілсе, көрсетілген Шарттың орындалуынан шегеріледі және Шарттың 103-тармағында көрсетілген айыппұлды төлеуге әкеп соғады.

35. Егер Шартта басқасы көзделмесе, Шарттың шеңберінде жеткізілген Лизинг нысанасы, құрылымдар мен материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететін жаңа, пайдаланылмаған, жап-жаңа немесе топтамалы моделі болып табылатынына Өнім беруші кепілдік береді. Лизинг берушінің елі үшін кәдімгі жағдайда жеткізілген Лизинг нысанасын қалыпты пайдаланған кезде, Шарт бойынша жеткізілген Лизинг нысанасында құрылымға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты ақаулары болмайтынына Өнім беруші одан әрі кепілдік береді.

4. Лизинг төлемдері мен төлеу тәртібі

36. Лизинг нысанасының құны _____ () теңгені құрайды.

37. Лизинг талаптарына сәйкес бастапқы салым мөлшері Лизинг нысанасының құнының ____ %-ы, бұл дегеніміз _____ (санмен және жазбаша) теңгені құрайды. Лизинг алушы Шарттың осы тармағында көрсетілген бастапқы салымды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі жағдайда Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындалуы туралы түпнұсқасымен хатты берген күннен 10 (он) жұмыс күн ішінде төлеуге міндеттенеді².

38. Осы Шарт бойынша лизинг сомасы осы Шарттың 36-тармағында көрсетілген Лизинг құнынан осы Шарттың 37-тармағында көрсетілген бастапқы салым мөлшерін айырған кезде шығатын сомадан тұрады, бұл дегеніміз _____ (санмен және жазбаша) теңгені құрайды және осы Келісім шартты жасасқан сәттегі Лизинг алушының Лизинг беруші алдындағы негізгі қарыз сомасы болып табылады.

39. Тараптар лизинг мерзімі лизинг төлемдері кестесінде көрсетілген Лизинг нысанасының қолданысқа енген күнінен бастап **37** (отыз жеті) ай деп белгіледі.

40. Лизинг алушы Лизинг нысанасымен нақты иеленуіне және пайдалануына қарамастан осы Шарттың бүкіл қолдану мерзімі ішінде Лизинг алушыға тұрақты мерзімді лизинг төлемдерін төлеп тұруға міндеттенеді, осы Шарт бойынша соңғысының уақытылы алуына құқы бар. Осы шарт бойынша лизинг төлемдеріне мыналар кіреді:

1) Лизинг берушіге Лизинг нысанасының құнын өтеу;

2) жылдық __% (жазбаша) көлемінде белгіленген лизинг бойынша сыйақы. Сыйақы төленетін күннің алдыңғы айындағы лизинг төлемдер кестесінде көрсетілген, Лизинг нысанасы пайдалануға енгізілген күннен есептеледі (Шарттың 3-қосымшасы). Сыйақы жылда 360 (үш жүз алпыс), айда 36 (отыз алты) күн уақытша базасын қолдануымен есептеледі.

41. Лизинг төлемдерін Лизинг алушы лизинг төлемдерінің кестесі бойынша ай сайын төлейді.

42. Лизинг бойынша негізгі қарыз сомаларын өтеу, осы Шарт бойынша сол және басқа да төлемдер бойынша (өсімпұл, айыппұл) сыйақыны төлеу Лизинг берушінің банк шотына тиісті сомаларды Лизинг алушы аударарды. Лизинг қарызын немесе оның бөлігін өтеу күні Лизинг берушінің банк шотына ақша қосылған күні есептеледі. Ай сайынғы лизинг төлемі күні бұрын төленген жағдайда, лизинг төлемдер кестесімен белгіленген сыйақы сомасы қайта есептелмейді.

43. Лизинг төлемдерін өтеуге көзделген қаржы жетпеген жағдайда, тегін медициналық көмек көрсетудің кепілдік мөлшері шеңберінде, Лизинг алушы лизинг төлемдерін өзінің

² - осы тармақ лизингтік төлемдерді өз қаражатынан жүзеге асыратын лизинг алушылар үшін қолданылады

меншікті қаражатынан өтейді³.

44. Осы Шарт бойынша төлемдердің реттілігін Лизинг алушы мына кезектілігінде жүргізеді:

- 1) Шарт бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар;
- 2) лизинг бойынша сыйақы сомасы;
- 3) лизинг бойынша негізгі қарыз сомасы.

Жоғарыда көрсетілген кезектілік Лизинг берушінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

5. Өнім берушінің кепілдіктері

45. Өнім беруші Шарт бойынша жеткізілетін Лизинг нысанасы жеткізілген сәттен 24 (жиырма төрт) айдан кеш шығарылмағанына; қолданылмағанына, құрылымы мен материалы барлық соңғы модификацияда екеніне кепілдік береді. Өнім беруші жеткізілетін Лизинг нысанасының Қазақстан Республикасы үшін күнделікті жағдайда қалыпты қолданылған кезде құрылымына, материалына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

46. Кепілдік сервистік қызмет көрсету Лизинг нысанасын қолданысқа енгізген күннен бастап лизингтің барлық мерзімінде әрекет етеді және Өнім берушінің сервистік қызметімен жүзеге асырылады.

47. Өнім беруші Шартта көзделген тәртіп пен талаптар бойынша іске қосу, түзеу жұмыстарын атқарады, қызметкерлерді оқытады және сервистік қызмет көрсетеді.

48. Жоспарлы сервистік қызмет көрсету кепілдік мерзім барысында Лизинг нысанасы өндірушісінің талаптарына сәйкес Өнім берушінің білікті маманымен тоқсанына кем дегенде бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

49. Кестеге сәйкес жүргізілген сервистік қызмет көрсетудің нәтижелері бойынша Өнім беруші Өнім берушінің және Лизинг алушының уәкілетті өкілдерінің қолы қойылатын Лизинг нысанасын қарап-тексеру актісін жасайды.

Өнім беруші есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-ына дейін Лизинг берушіге атқарылған жұмыстар актілерінің түпнұсқасын жолдауы тиіс.

50. Лизинг нысанасы кепілдік мерзім ішінде бұзылған жағдайда, Лизинг алушы Өнім беруші мен Лизинг берушіге жазбаша ескерту жолдауға міндетті.

Мұндай ескерту алғаннан кейін Өнім беруші ескерту алған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей, Лизинг нысанасының бұзылу себебін, жөндеу жүргізудің болжалды мерзімін анықтауға Лизинг нысанасының орналасқан жеріне білікті маман жіберуі тиіс.

51. Жөндеу жүргізу кезінде Өнім беруші шарттың 5 қосымшасында көрсетілген тиісілі акті рәсімдеуімен өндіруші-зауытпен өндірілген қосалқы бөлшектер мен тораптарын пайдалануға, немесе Лизинг нысанасының ақауы бар немесе Шарттың басқа Тараптарынан қандай да бір шығынды талап етпейтін бөлшектерін алмастыруға және келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- шыққан жері туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- өлшем құралдарын бастапқы тексеру және сынақ жабдығы туралы тиісті сертификаттың немесе Лизинг нысанасы өлшем құралы болып табылса, өндіруші-зауыттың бастапқы тексеруді тану туралы тиісті құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- Лизинг нысанасының тіркелуін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (немес www.egov.kz сайтынан PDF форматында электронды түрінде)

Егер жағдай кепілсіз болып танылса, Өнім беруші медициналық техниканың істен шыққан себебі көрсетілген жазбаша түсіндірмені, атқарылған жұмыстардың актісін, сонымен қатар, бұл жағдайдың кепілдікті емес екенін растайтын аталған медициналық техникасын шығаратын өндіруші-зауыттың ресми қорытындысын ұсынуға міндетті.

Лизинг алушы тарапынан атқарылған жұмыстардың актісіне тек басшы және оның міндетін атқаратын тұлға қолын қояды.

Лизинг нысанасы пайдалануға берілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде 3 (үш) кезеңнен артық болмаған жағдайда, өнім беруші 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде бұрын

³ – осы тармақ бюджет қаражатынан лизинг төлемдері төленетін шығындарына лизинг алушы үшін әрекет етеді

пайдаланылмаған бірдей медициналық техниканы ауыстыруға міндетті. Өндіріс күні орнату кезінде 24 (жиырма төрт) айдан аспауы керек. Ауыстыру кезеңінде бірдей немесе ұқсас медициналық техниканы жұмыс тәртібімен қамтамасыз ету.

52. Егер жөндеу мерзімі 15 (он бес) күнтізбелік күннен асып кететін мерзімге белгіленсе, Өнім беруші Лизинг алушыға жөндеу жүргізу мерзіміне сол сияқты жұмысқа жарамды Лизинг нысанасын (жинақтама бөлшектерін, тораптарды) ұсынуға немесе Өнім беруші Лизинг нысанасын жөндеу кезінде Лизинг нысанасын пайдалану мүмкіндігінің болмауына байланысты Лизинг алушыға келтірілген шығындарды өтуге міндетті.

53. Егер Өнім беруші ескертуді алғанымен, 1 (бір) айдың ішінде ақау(лар)ды жөндемесе, Лизинг беруші Өнім беруші есебінен және Лизинг берушінің Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты басқа да құқықтарына залал тигізбестен, ақауларды жөндеуге қатысты қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

54. Лизинг беруші Өнім берушіден Өнім берушімен дайындалатын немесе сатылатын қосалқы бөлшектер туралы ақпаратты, атап айтқанда Лизинг алушы Өнім берушіден сатып алу үшін және кепілдік мерзім аяқталғаннан кейін пайдалану үшін таңдай алатын қосалқы бөлшектердің құны мен аталымы бар ақпаратты талап етуге құқылы.

55. Егер қандай да бір себеппен өндіруші-зауыт қосалқы бөлшектер өндірісін тоқтатуды жоспарлаған болса, Өнім беруші шұғыл түрде Лизинг берушіге қажетті мөлшерде қажетті бөлшектерді сатып алуы үшін, өндірістің тоқтайтыны туралы жазбаша ескерту жолдауы керек.

56. Өнім беруші Лизинг беруші мен Лизинг алушыға оның ұсынған Лизинг нысанасының үшінші тұлғалардың құқығымен шектелмегеніне, кепілге қойылмағанына, тыйым салынбағанына, сот жанжалының нысаны болып табылмайтыны және үшінші тұлғалардың талабынан бос екеніне кепілдік береді.

57. Өнім беруші Шарт бойынша Лизинг берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өз міндеттемелерін қандай да бір тұлғаға толықтай да, жартылай да бермеуі тиіс.

6. Тараптар құқығы

58. Өнім беруші құқылы:

1) Шарттың 31 тармағында көрсетілген нұсқа мен мерзімінде лизинг нысанасын жеткізгені үшін төлемді талап етуге;

2) Шарттың 64-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайдан басқа, Өнім берушінің Шартты бұзғанға дейінгі нақты шығындарын төлеуді талап етуге;

3) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтар.

59. Лизинг беруші құқылы:

1) Шарттың 66 тармағымен көзделген жағдайларда Лизинг нысанасын қайтаруды талап етуге;

2) өз бетімен немесе Лизинг беруші уәкілеттеген тұлғаларын тартып, Лизинг нысанасының сақталуын, күйін тексеру, сонымен бірге оның пайдалану жағдайларын қадағалауға;

3) Лизинг нысанасын нысаналы пайдалануын, сонымен қатар Лизинг алушының лизинг төлемдерінің уақытылы төленуін бақылау;

4) Лизинг нысанасын Лизинг алушыдан мына жағдайларда талап етуге:

егер Лизинг нысанасын Лизинг алушы Шарттың талаптарына сәйкес емес пайдаланса;

егер Лизинг алушы жазбаша ескертпеден кейін Лизинг берушіге немесе оның уәкілеттелген тұлғаларына Лизинг нысанасына, сонымен қатар Лизинг нысанасына қатысты құжаттарына жол бермесе;

егер Лизинг алушы Шартпен белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін екі реттен астам қатарынан лизинг төлемдерін өтемесе;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда.

5) Осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтар.

60. Лизинг алушы құқылы:

1) лизинг нысанасын Шарттың талаптары бойынша иеленуге және пайдалануға;

2) лизинг нысанасының сапасы мен жиынтықтамасына, оны жеткізу мерзіміне қатысты және Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда Өнім берушіге талаптар қоюға;

3) төмендегі жағдайда Лизинг алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісі құжатпен расталса, Лизинг берушіге лизингті қайта құрылымдау бойынша шара қолдануға қатысты ұсыныс жасауға:

Шартқа қол қойылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін ғана лизинг жобасын қайта құрылымдау бойынша шара қолданса;

Лизинг алушының өтініші берілген сәтте Шарт бойынша мерзімінен асып кеткен қарызы болмаса.

4) лизинг берушінің жазбаша келісімімен Шарт бойынша өз құқықтарын, міндеттемелерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталатын тәртіппен үшінші тұлғаға тапсыруға;

5) лизинг нысанасын жеткізу, оның сапасы мен жинақтамалығына, кепілдемелік қызмет көрсету, жеткізу мерзімі мен Өнім берушінің Шартты орындауға қатысты басқа да Шартты орындау бойынша туындайтын жағдайларда тікелей Өнім берушіге талап қоюға. Бұл ретте Лизинг алушы Лизинг нысанасын сатып алу-сату шартының тарабы болған жағдайда, сатып алынған мүлікті төлеу міндетінен басқа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген құқықтар мен міндеттерге ие болады;

6) Осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтар.

7. Тараптар міндеттемелері

61. Өнім беруші міндеттенеді:

1) Лизинг нысанасын Лизинг беруші мен Лизинг алушыға техникалық ерекшелігі мен Шарттың талаптарына сәйкес толық көлемде жеткізуге және барлық қосалқы қызметтерін көрсетуге;

2) Лизинг нысанасын Лизинг алушыға Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

3) Лизинг нысанасын жеткізуге жоспарланған күннен 10 (он) жұмыс күні бұрын Лизинг берушіге, Лизинг алушыға жеткізу күні туралы жазбаша хабарлауға және Шарттың 20 тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуға;

4) есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейінгі мерзімде Лизинг берушіге кепілдемелік сервистік қызмет көрсетуге қатысты лизинг нысанасын қарау актілерінің көшірмелерін жолдауға;

5) Лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру кезінде ашып көрсету арқылы іске қосуға;

6) Сервистік қызмет көрсету мерзімі кезінде Шарттың 5-тарауында көзделген кепілдемелік міндеттемелерді сапалы түрде орындауға;

7) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Лизинг берушінің алдын ала берілген жазбаша келісімінсіз басқа біреуге табыстамауға;

8) егер Шартты орындау кезінде кез келген уақытта Өнім беруші Лизинг нысанасын уақытылы жеткізуге кедергі келтіретін жағдайларға кез болса, шұғыл түрде Лизинг берушіге кешігу фактісі, шамамен кешігу ұзақтығы мен оның себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жолдауға;

9) қайта құрылған/таратылған/банкротқа ұшыраған жағдайда Лизинг беруші мен Лизинг алушыны алдағы қайта құрылу/таратылу/банкротқа ұшырау туралы қайта құрылудың/таратылудың/банкротқа ұшыраудың жоспарланып отырған күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлауға;

10) Шарттың барлық талаптарын сақтауға;

11) Лизингтің барлық мерзімінде Өнім берушінің сервистік қызмет көрсету орнында Лизинг нысанасына сервистік қызмет көрсетуге;

12) Лизинг алушының мамандарын Лизинг нысанасымен жұмыс істеуге үйрету.

62. Лизинг беруші міндеттенеді:

1) Шарттың 29-тармағына сәйкес Өнім берушіге Лизинг нысанасының құнын төлеуге;

2) Лизинг нысанасын Шарт талаптарымен оны Лизинг алушыға беру үшін Өнім берушіден өз меншігіне сатып алуға;

3) Лизинг алушының жүргізілетін ақшалай-есептесу операциялары, оның шоттарының күйі жөніндегі құпиясын және Лизинг берушіге белгілі болған коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын басқа да құпия болып табылатын мәліметтерді сақтауға;

4) Лизинг алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін толығымен атқарған жағдайда оған Лизинг нысанасына жеке меншіктілік құқын беруге;

5) Шарттың 8-10-тарауларында көзделген жағдайларда, Шартты мерзімінен бұрын бұзу және/немесе Лизинг нысанасын қайтару қажеттігі жөнінде жазбаша түрде ескерту жіберу;

6) Шарттың барлық талаптарын сақтауға.

63. Лизинг алушы міндеттенеді:

1) Лизинг нысанасын жеткізілген орнында қабылдауға;

2) Лизинг берушінің банк шотына осы Шарттың талаптары бойынша төлеуге жататын ақша сомасын банк шотына уақытылы аудару арқылы лизинг төлемдерін толықтай және уақытылы өтеуге;

3) Лизинг берушіге осы Шарт бойынша міндеттемелерін уақытылы және толық атқаруына әрекет ететін барлық жағдайлар туралы уақытылы хабарлауға;

4) Лизинг берушінің қызметкерлерін Лизинг нысанасын тексеру үшін қызметтік, өндірістік, қойма және басқа да бөлмелеріне кіргізуге. Тексеру саны мен мерзімдерін Лизинг беруші белгілейді;

5) Лизинг берушінің алдында міндеттемелерді толық атқарғанға дейін Лизинг берушіге, осы Шарттың талаптарын Лизинг алушы атқаруын бақылау үшін қажет, сонымен қатар оның қаржы күйіне және Лизинг нысанасына қатысты ақпаратын алуға мүмкіндік беретін дәлелді мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға;

6) Лизинг берушінің сұрауымен Лизинг берушіге Лизинг нысанасы бойынша жазбаша ақпаратты және/немесе құжаттарды ұсынуға;

7) Лизинг нысанасына, денсаулық сақтау саласында уәкілеттелген органмен бекітілген нысана бойынша бөлек журнал (бұдан әрі - Журнал) тіркеуге және Лизинг нысанасында жұмысты жүзеге асыратын қызметкермен осы Журналдың күн сайын және анық толтыруын қамтамасыз етуге;

8) Лизинг берушінің жазбаша сұрауы бойынша сұрау түскен сәттен 1 (бір) жұмыс күннің ішінде толтырылған Журналдың көшірмесін ұсынуға;

9) болуға тиісті қайта құру жағдайында Лизинг берушіні заңды тұлғаның ауысуы және өзінің құрылтай құжаттарына өзгерістердің енгізілуі жөнінде - болжалды қайта ұйымдастыру күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде ескертуге;

10) Лизинг нысанасын Шарттың талаптарына сәйкес мақсатты пайдалануға;

11) Лизинг нысанасының техникалық төлқұжатымен белгіленген нормадан астам Лизинг нысанасын пайдаланбауға;

12) Лизинг нысанасын толық түзулік күйінде ұстауға;

13) алғашқы 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Лизинг берушіге Лизинг нысанасының кез келген ақауы жөнінде жазбаша хабарлауға;

14) Лизинг нысанасы толық жұмыс жасау үшін өндіруші-зауыт ұсынған шығын материалдарын сатып алуға;

15) Лизинг нысанасын пайдалану, сақтау, иелену немесе Лизинг нысанасын қолдану салдарынан Лизинг нысанасына келтірілген барлық ақаулар үшін, бұзбай сақтаған үшін жауапты болуға;

16) қабылдау-тапсыру актіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей, Шарттың 13-тарауының талаптарына сәйкес Лизинг нысанасын сақтандыру компанияда бөліну, жойылу немесе жоғалу қаупін сақтандыруға;

17) жоспарланатын өзгерістерге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын қызметкерлердің және Лизинг нысанасының пайдалану жағдайлары өзгеруі жөнінде ескерту;

18) Шарттың барлық талаптарын сақтауға;

19) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоспарлы медициналық қызмет санынан 10% кем емес көлемінде қызмет көрсетуге;

20) Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі көрсетуге арналған жасалған, сондай-ақ «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-мен шарттың шеңберінде ашылған ағымдағы (есеп айырысу) шот, банктік деректемелері өзгерген жағдайда, Лизинг берушіні 3 жұмыс күн ішінде поштаның тапсырыс хатымен, факс немесе өзге қол жетімді байланыс құралдары арқылы хабардар етеді;

21) Лизинг алушы мен Лизинг берушінің банк шотынан ақшаны есептен шығару шартын көздейтін банк арасында жасалған тұрақты өкім ақша жөнелтушінің көшірмесін ұсыну.

8. Лизинг берушінің бастамасымен Шартты мерзімінен бұрын бұзу

64. Лизинг беруші Өнім беруші мен Лизинг алушыға тиісті жазбаша ескерту жолдай отырып, мына жағдайларда кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шартты бұза алады:

1) егер Өнім беруші банкротқа ұшыраса немесе төлеу қабілетінен айрылса, мұндай жағдайда Өнім беруші шұғыл түрде міндеттемелерді орындауды тоқтатады және, егер Шартты мерзімінен бұрын бұзу ешқандай залал келтірмесе немесе салдарынан Лизинг берушіге қолданылатын қандай да бір әрекеттер жасау немесе санкциялар қолдану құқығына тимесе, басқа екі Тарап Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды;

2) егер Өнім беруші Шартқа сәйкес келмейтін Лизинг нысанасы ұсынылған болса және Өнім беруші Лизинг нысанасын ауыстырудан бас тартса, мұндайда Өнім беруші Шарт тараптарының қолдары қойылған сәйкессіздік туралы актіде көрініс тапқан Лизинг нысанасының техникалық ерекшелікке сәйкессіздігі туралы жазбаша растау берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аванстық төлемақыны қайтарып беруі тиіс, сондай-ақ Лизинг беруші Шартта көзделген Шартты орындауды қамтамасыз етуін ұстап қалады және Өнім беруші Шартты бұзғанға дейін келтірілген нақты шығындардың төлемін талап етуге құқылы емес;

3) Шарттың әрі қарай орындалуы қажет болмаған жағдайда. Мұндайда ескертуде Шарттың бұзылу себебі көрсетіліп, жойылған шарттық міндеттемелер ауқымы, сондай-ақ Шарттың бұзылуының күшіне ену күні келісіліп алуы тиіс.

9. Лизинг алушының өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауы

65. Лизинг алушы лизинг бойынша осы Шарт бойынша ағымдағы қарызы болмаған/төленген жағдайда негізгі қарызын нақты қолданған уақыты үшін есептелетін сыйақыны төлей отырып және қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 37 (отыз жеті) айдан ерте болмаған жағдайда, мерзімінен бұрын төлеуге құқылы.

10. Лизинг нысанасын қайтару, алу (талап ету) тәртібі

66. Лизинг беруші Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда Лизинг алушыдан Лизинг нысанасын қайтарып беруді талап ету құқығы бар.

67. Лизинг беруші Шарттың 65-тармағына сәйкес туындайтын негізінде Лизинг алушыдан Лизинг нысанасын қайтаруды талап еткен жағдайда, Лизинг берушінің тиісті ескертуді алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн өткен соң Лизинг алушы Лизинг нысанасын пайдалану құқынан айырылады. Лизинг беруші және оның сенімді тұлғалары, Лизинг нысанасын шығаруға өз құқықтарын жүзеге асыру үшін, Лизинг нысанасы орналасқан аумағына кіруге рұқсат алады.

68. Лизинг алушының иесінен Лизинг нысанасын алудың (талап етудің) тәртібі және негіздері Қазақстан Республикасының заңнама нормаларына және Шартқа сәйкес белгіленеді. Лизинг нысанасын (Лизинг нысанасын бағалау, бөлшектеу, жеткізу бойынша жұмыстар, жеткізу және басқа да шығындар) алу (талап ету) бойынша шығындар Лизинг алушының есебінен жүзеге асырылады және өтеуге жатпайды.

69. Лизинг берушінің талабы бойынша Лизинг нысанасы, талап алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде қайтару актісі бойынша, егер Лизинг берушінің ескертуінде басқа мекен-жай көрсетілмесе, Шартта көрсетілген Лизинг берушінің мекен-жайына, қалыпты тозуы ескеріліп, жарамды күйінде жеткізілуі тиіс.

70. Лизинг алушы Лизинг нысанасын Лизинг берушінің иеленуіне қайтару сәттен, Шартта көзделген Лизинг нысанасын өтеп алу құқын жоғалтады (көзделген өтеп алу құқын пайдаланбай қалған болып есептеледі). Көрсетілген өтеп алу құқы, Лизинг берушінің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана сақталуы мүмкін.

71. Лизинг нысанасын Лизинг берушінің иеленуіне қайтарылуы немесе алынуы (талап етілуі), Шарт бойынша Лизинг алушыны міндеттемелерін, соның ішінде Шарт бұзылғанға дейін Лизинг нысанасына қалайша, Лизинг берушіге де солайша келтірілген толық көлемде лизинг төлемдерін, айып төлемдерін (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу, шығындарды өтеу бойынша міндеттемелерін орындау қажеттілігінен босатылмайды. Сонымен бірге Лизинг берушіге нақты түскен және лизинг төлемдерін және/немесе осы Шарт бойынша Лизинг алушының басқа да ақшалай міндеттемелерін өтеу есебінен соңғы болып есептелген төлемдер қайтарылмайды.

11. Лизинг нысанасына жеке меншіктілік құқы және Лизинг нысанасын Лизинг алушының меншігіне ауысу талаптары

72. Лизинг нысанасына жеке меншіктілік құқы Лизинг берушіге тиесілі.

73. Лизинг алушы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен Лизинг нысанасының сақталуы үшін жауапкершілікті және Лизинг берушінің жеке меншіктілік құқын үшінші жақтың қастандықтарынан және талаптарынан қорғау, Лизинг нысанасы жоғалуына немесе бүлінуіне жол бермейтін қажетті шараларын қабылдау міндеттемесін өз мойнына алады. Егер Лизинг нысанасына Лизинг берушінің жеке меншіктілік құқы күдіктенсе немесе бұзылса және бұл лизинг берушінің өзінің әрекет нәтижесі болып табылмаса, Лизинг алушы бар шағымдарды жою үшін шығындардың барлығын өз мойнына алады.

74. Лизинг алушы Лизинг нысанасын, Лизинг берушінің жазбаша келісімінсіз сатуға, беруге, жалға беруге, сублизингке беруге, кепілзатқа салуға немесе басқа да тәсілмен иелігінен шығаруға құқылы емес, сонымен қатар осы Шарт бойынша Лизинг берушінің келісімінсіз басқа тұлғаларға құқығын (талаптарын) беруге құқылы емес. Лизинг алушы Лизинг нысанасын сатқан, бұзған, кепілзатқа салған жағдайда, Лизинг берушінің жазбаша келісімінсіз Лизинг нысанасына басқа да иелігінен шығару немесе ауыртпалық салу жағдайында, Лизинг алушы Лизинг берушіге барлық лизинг төлемдерін дереу төлеу тиіс, яғни Лизинг нысанасының Жалпы құнын және лизинг бойынша есептелген сыйақыны толығымен өтеу керек.

75. Лизинг нысанасына жеке меншіктілік құқығы, әйтсе де мына талаптар сақталған жағдайда ғана Лизинг алушыға осы Шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін немесе аяқталғанға дейін ауысады:

1) Лизинг алушы барлық лизинг төлемдерін төлеу, атап айтқанда, Лизинг нысанасының Жалпы құнын және лизинг бойынша сыйақысын толығымен өтеу;

2) осы Шарттан және/немесе Тараптар арасындағы басқа келісімдерден туындаған ақшалай және басқа міндеттемелерін орындау.

76. Лизинг алушы Лизинг нысанасына жеке меншіктілік құқығы ауысқан жағдайда, Лизинг беруші, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген осындай жеке меншіктілік құқығын тапсыруға соңғының талабы бойынша қажетті құжаттарына қол қоюына міндетті.

12. Лизинг нысанасын күту және жөндеу тәртібі

77. Лизинг алушы Лизинг нысанасын негізгі құрал-жабдық ретінде пайдалануға міндеттенеді. Лизинг нысанасы, Қазақстан Республикасы заңымен және Лизинг алушының есеп саясатымен белгіленген тәртіппен Лизинг алушыда өтемпұлға жатады.

78. Лизинг алушы Лизинг нысанасын пайдалану және сақтау кезінде Лизинг нысанасын өндірушісінің тиісті стандарттарын, техникалық шарттарын, пайдалану ережелерін, нұсқауларын немесе Лизинг нысанасын пайдалану немесе күту ережелерін реттейтін басқа құжаттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді немесе белгіленген құжаттар болмаған жағдайда ұқсас мүлікті адал және ұқыпты қолдану мен күтудің жалпы қабылданған тәжірибесіне сәйкес Лизинг нысанасын пайдалану және сақтау.

79. Лизинг алушы Лизинг нысанасын жарамды күйінде күтуге, Лизинг беруші өз келісімін берген қалыпты төзу мен Лизинг нысанасындағы өзгерістерді есепке ала отырып,

Лизинг беруші оған берген күйінде ұстауға; Сатып алу шарты бойынша кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін ағымдағы, күрделі жөндеу және Лизинг алушы жауапты емес жағдаяттардың амалсыздығынан туындаған шұғыл қажеттіліктен пайда болған жөндеуді уақытылы жүргізуді, сонымен қатар Сатып алу шарты бойынша кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін Лизинг нысанасының жыл сайынғы сервистік қызмет көрсетілуін уақытылы жүргізуді, салықтарды төлеуге және Лизинг нысанасына қызмет көрсетуіне (пайдалануына), сақталуына және қолдануына байланысты басқа да шығындарды төлеуге міндеттенеді.

80. Лизинг алушы барлық қажет рұқсаттарды, лицензияларды алуға, Лизинг нысанасын иеленуге және пайдалануға ұсынылатын тіркеу және басқа да талаптарды орындауға, уәкілетті органдардың барлық реттегіш ережелері мен нұсқауларға, сонымен бірге осы Шарттың іс-әрекеті кезінде қолданылатын және Лизинг нысанасының сақталуына, пайдалануына және күтуіне қатысы бар заңнамалық актілерге, мемлекеттік басқару органдарының ережелері мен қаулыларына немесе жергілікті өкілді не атқару органына бағынуға міндеттенеді.

81. Лизинг алушы Лизинг нысанасының құрылымдық өзгерістерін (түрлендіруін) жасамауға, Лизинг нысанасының жұмыс тәртібіне және функцияларына өзгеріс енгізбеуге, Лизинг берушінің осындай іс-әрекеттерді жасауға алдын ала жазбаша келісімінсіз қосалқы бөлшектерді қандай да бір өзгертпеуге міндеттенеді.

82. Лизинг нысанасын қабылдау сәттен бастап Лизинг алушы Лизинг берушіге Лизинг нысанасының сапасы мен толымдылығы жағынан кез келген тікелей және жанама шағымдардан бас тартады, Лизинг нысанасының сапасы мен толымдылығы бойынша барлық шағымдарды Лизинг алушы Өнім берушіге бірыңғай және тікелей ұсынатын болады.

83. Осы Шарттың 81-тармағы бұзылған жағдайда Лизинг алушы Лизинг берушінің алғашқы талабымен жасалған өзгерістерді жоюға және өз есебінен Лизинг нысанасын оның бастапқы күйіне келтіру тиіс.

84. Лизинг нысанасының кез келген өзгерістері, ажырамайтын түзетулері, ауыстырылған бөлшектері, Лизинг берушінің тарапынан қарсылық болмаған жағдайда Лизинг нысанасының ажырамас бөлігі болып табылады. Лизинг алушы жасаған ажырамайтын түзетулердің құнын Лизинг беруші өтемейді.

85. Лизинг алушы Лизинг нысанасын жоғалудан немесе бүлінуден не оның кез келген бөлшегі неден бұзылғанына және келтірілген зиян Лизинг алушының немесе басқа тұлғалардың қасақана іс-әрекеті, байқаусыздық немесе немқұрайдылығы болып табылуына қарамастан, Лизинг берушіні қауіпсіздендіруге міндеттенеді.

86. Лизинг алушы Лизинг нысанасын ұрлықтан, бұзылудан, толық немесе ішінара жоғалудан, жойылудан аман алып қалу үшін күзетілетін аумақтарда Лизинг нысанасын күтуге, сонымен қатар Лизинг нысанасы тұрған бөлмелерде өртке қарсы қауіпсіздіктің нормалары мен талаптарын сақтауға міндеттенеді.

87. Лизинг алушы, Лизинг нысанасы қандай да бір үшінші жаққа беріліп немесе пайдалануына, Лизинг нысанасына тыйым немесе басқа да санкция салынуына жол бермеуге міндеттенеді. Егерде ондай жағдай болса, Лизинг алушы Лизинг берушіге дереу ескертіп өз есебінен Лизинг нысанасын иеленуіне қайтаруы немесе салынған санкцияларды алып тастау үшін барлық шараларды қолдануы тиіс.

88. Лизинг алушы, осы Шарттың 8-тармағында көрсетілген мекен-жай бойынша Лизинг нысанасының тұрған жері мен қолдануын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Лизинг берушінің жазбаша келісімінсіз Лизинг нысанасын Шартта көрсетілген орнынан бөлек жерге көшіруге Лизинг алушының құқы жоқ. Лизинг алушы Лизинг берушіге, Лизинг нысанасы көшірілуі мүмкін жері жөніндегі нақты мәліметтерді хабарлауға тиісті. Осы талап бұзылған жағдайда Лизинг алушы Лизинг берушіге, Лизинг нысанасының тұрған жерін белгілеу барысында Лизинг берушіге немесе оның өкілдеріне келтірілген барлық шығындарды өтейді, сонымен бірге осы Шарттың 109-тармағына сәйкес айыппұл төлейді.

89. Лизинг алушы үшінші жаққа қалай, мүлікке де солай, сондақ-ақ Лизинг нысанасын сақтау, күту немесе пайдалану кезінде келтірілген кез келген зиян немесе бүлінгені үшін жауапты.

90. Кім болса да Лизинг нысанасын сақтау, күту немесе пайдалану кезінде алатын кез келген зиян немесе бүліну жөніндегі арыз, талап немесе шағымдарды Лизинг берушіге ұсынбау тиіс. Лизинг алушы Лизинг берушіні үшінші жақтардан ұсынылатын белгіленген арыз, талап

немесе шағымдардан қауіпсіздендіруге міндеттенеді.

91. Лизинг алушы Лизинг нысанасын пайдалану үшін оқуын өтпеген қызметкерлерге Лизинг нысанасымен жұмыс жасауға рұқсат бермеуге тиісті.

92. Лизинг нысанасы жоғалған кезде, оны қалпына келтіруге мүмкіндік болмаған және бұдан әрі пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, Лизинг алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде және тиісті түрде орындауы тиіс.

93. Лизинг нысанасын пайдалану және уақытша орналасқан орынның ауыстырылуы сақтандыру шарттың әрекет ету аумағының шегінде жүзеге асырылуы мүмкін. Лизинг нысанасының тұрақты орналасқан орны Лизинг берушінің жазбаша келісімімен ғана ауыстырылуы мүмкін.

13. Лизинг нысанасын сақтандыру

94. Лизинг алушы Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған сәттен, неден болғанына қарамастан, Лизинг нысанасының немесе оның кез келген бөлшектерінің жойылу, толық немесе ішінара жоғалу, бұзылу, ұрлану, бүліну қатерін өз мойнына алады.

95. Лизинг алушы Лизинг нысанасын Лизинг беруші белгілеген қатерлерінен өз есебінен сақтандыру арқылы қорғауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Лизинг алушы Лизинг берушіге Шарттың әрекет ету мерзіміне сақтандыру шартын ұсынуға міндеттенеді. Сақтандыру шарттың әрекет ету мерзімі жаңа сақтандыру шартын, осы Шарттың негізгі қарызының қалған сомасын алдағы кезеңге қайта жасасу немесе бұрын жасасқан сақтандыру шартын ұзарту шартымен кем дегенде бір жыл болуы тиіс.

96. Лизинг алушы Лизинг берушімен сақтандыру шарттың жобасын келісіп, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюы тиіс. Лизинг алушы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен 15 (он бес) жұмыс күн ішінде Лизинг берушіге сақтандырушымен жасасқан сақтандыру шарты түпнұсқасының бір данасын ұсынуға міндеттенеді.

97. Лизинг нысанасының немесе оның кез келген бөлшектерінің жойылу, толық немесе ішінара жоғалу, бұзылу, ұрлану, бүлінуі немесе кез келген сақтандыру уақиғасының басталуы осы Шарт бойынша міндеттемелерін және лизинг төлемдерін төлеу бойынша міндеттемелерін және/немесе Лизинг берушінің кез келген басқа шығындарын орындаудан босатпайды.

98. Сақтандыру уақиғасы басталған жағдайда, немесе Лизинг нысанасының жойылған, толық немесе ішінара жоғалған, бұзылған, ұрланған, бүлінген қауіп бар жағдайлары туындаса, Лизинг алушы сақтандыру шартында айтылған уақыттың ішінде Лизинг берушіге және Лизинг нысанасының сақтандырушылары болатын сақтандыру компанияларына осындай жағдайлардың пайда болуы жөнінде хабарлауы тиіс.

99. Егер Тараптардың келісімімен басқа тәртіп белгіленбесе, Лизинг нысанасы немесе оның кез келген бөлшектері жойылған, толық немесе ішінара жоғалған, бұзылған, ұрланған, бүлінген жағдайында (сақтандыру уақиғасының басталуы) Лизинг алушы бұзылған Лизинг нысанасын өз есебінен жөндеуге/қалпына келтіру және Лизинг нысанасы жөндеуге немесе қалпына келтіруге жататын болса және Лизинг берушінің пікірі бойынша осындай әрекеттер мақсатқа сәйкес болса, оның жұмыс күйіне келтіру тиіс. Егерде, Лизинг берушінің пікірі бойынша, Лизинг нысанасы жөндеуге немесе қалпына келтіруге жарамаса, немесе осындай әрекеттер мақсатқа сәйкес болмаса, Лизинг алушы Лизинг берушінің алғашқы талабы бойынша соңғысына осы Шартта көзделген барлық лизинг төлемдерін өтеуі тиіс, сондай-ақ өтеу жөніндегі талабын алған сәттен 10 (он) жұмыс күннің ішінде, осы Шарттан туындаған басқа да ақшалай міндеттемелерін орындауға тиіс.

100. Сақтандыру уақиғасы басталған жағдайда сақтандыру шарты бойынша Лизинг берушіге түскен сақтандыру төлемақылар, осы Шарт бойынша Лизинг алушының ақшалай міндеттемелерін орындау есебіне жатады.

101. Лизинг нысанасы бүлінген, жойылған, ұрланған, ішінара жоғалған жағдайда, Лизинг алушының қаражаттар есебінен келтірілген зиянды бағалау үшін Лизинг беруші тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

102. Лизинг алушы сақтандыру шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін, осы Шартта көрсетілген шарттарында Лизинг нысанасының сақтандыру қорғауын қайта қамтып, Лизинг

берушіге Лизинг нысанасының сақтандыру дерегін растайтын құжаттардың түпнұсқасын 15 (он бес) жұмыс күннің ішінде ұсынуы тиіс.

14. Тараптардың жауапкершілігі

103. Өнім беруші тарапынан жеткізу мерзімін бұзғаны үшін, Лизинг беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тоқтатады және Шарт аясындағы басқа да өз құқықтарына залал келтірместен Лизинг нысанасының құнынан Өнім берушіден мерзімінен асқан әр күн үшін Лизинг нысанасының құнының 0,1% көлемінде тұрақсыздық төлемін төлейді.

104. Қамтамасыз етуге қатысты міндеттемелерді уақытылы орындамау Жеткізушіні мерзімінен асып кеткен әр күн үшін Шарт сомасының 0,1% көлемінде өсімпұл төлеуге, уақытылы ұсынбаудың себебін жазбаша түсіндіруге әкеп соқтырады.

105. Жеткізуші шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, лизинг берушіге тиісілі сомасын лизинг беруші өсімпұлдарды ұстап қалу жолымен түпкілікті есеп айырысу сомасын азайтуға келіседі.

106. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою мерзімдерін және/немесе лизинг төлемдерінің кестесін бұзған үшін Лизинг алушы Лизинг берушіге мерзімін өткізген әр күн үшін Лизинг нысанасының құнынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

107. Лизинг алушы осы Шарттың 37 тармағында белгіленген бастапқы жарнаны төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін, Лизинг алушы Лизинг берушіге төлем сомасынан кешіктірілген әр күні үшін, мерзімі өткен күннің бірінші күнтізбелік күнінен бастап сомасынан 0,1% көлемінде өсімпұл төлейді.

108. Лизинг төлемдерін өтеу мерзімдерін бұзған үшін Лизинг алушы лизинг төлемдері кестесіне сәйкес, мерзімін өткен бірінші күнтізбелік күнінен бастап, мерзімін өткен әр күн үшін мерзімі өткен төлем сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімпұлды төлейді.

109. Лизинг берушінің жазбаша келісімінсіз Лизинг алушы Лизинг нысанасының орналасқан жерін ауыстырған жағдайда, соңғысы Лизинг нысанасының құнынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

110. Лизинг алушы, осы Шарттың 96 және 102-тармақтарында көрсетілген Шартпен көзделетін мерзімдерін бұзып, сақтандыру шартын ұсынбаған немесе осы Шарттың шарттарынан бас тартып қол қоймаған жағдайда, Лизинг алушы мерзімін өткізген әр күн үшін Лизинг нысанасының құнынан 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлейді, сондай-ақ осы Шарттың 96-тармағында көрсетілген қатер үшін толық көлемде жауапкершілігін көтереді.

111. Шартта көзделген басқа да міндеттерді тиісті орындамаған және/немесе орындамаған үшін, Лизинг алушы және/немесе Жеткізуші Лизинг нысанасының құнынан 0,1% мөлшерінде айып төлем (айыппұл) төлейді.

112. Өсімпұл немесе айыппұлды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

113. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

15. Форс-мажор

114. Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуден босатылмайды және, егер Шарттың орындалуының кешіктірілуі форс-мажорлық жағдайдың нәтижесі болса, оған тұрақсыздық төлемін төлеу немесе Шартты бұзу жауапкершілігі жүктелмейді.

115. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» дегеніміз Жеткізушінің алдын ала дұрыс есептей алмауына немесе абайсыздығына қатысы жоқ және алдын ала болжауға болмайтын сипаттағы, Жеткізушінің тарапынан еш бақылауға келмейтін жағдай дегенді білдіреді. Мұндай жағдайларға әскери қимылдар, табиғи немесе апатты жағдайлар, эпидемия, карантин және тауарды жеткізуге эмбарго сияқты бірақ бұнымен шектелмеуі мүмкін әрекеттер кіреді.

116. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Жеткізуші шұғыл түрде Лизинг берушіге мұндай жағдайлар мен оның себептері туралы жазбаша ескерту жолдауы тиіс. Егер Лизинг берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз

міндеттемелерін орындауды мүмкіндігінше жалғастырады және Шартты орындаудың форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес баламалы тәсілдерін іздестіреді.

16. Басқа да шарттар

117. Жеткізуші Шартты тендерлік құжатнамада көзделген түрде, сол көлемде және сол шарттармен орындауға міндетті. Жеткізуші Шарттың орындалуын мына түрде қамтамасыз етеді:

- ақшалай кепілдік, мына деректемелер бойынша: «_____» АҚ ЖСК _____, БСК _____; немесе банк кепілдігі, мына деректемелерді көрсете отырып: «_____» АҚ ЖСК _____, БСК _____.

Кепілдік Шарт жасалған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Өнім беруші тарапынан Шарттың жалпы сомасының үш пайызы көлемінде төленеді.

Қамтамасыз ету Өнім берушіге лизинг мерзімі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күннің ішінде, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті орындаған жағдайда, соның ішінде Жеткізуші ұсынған хат негізінде кепілдікті сервистік қызмет көрсету бойынша қайтарылады. Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті орындамаған жағдайда кепілдікті қамтамасыз етуді Лизинг беруші толық көлемде ұстап қалады.

118. Лизинг беруші Лизинг берушінің құқықтарын қорғау және Лизинг алушының оған қарыздарын қайтару үшін қажетті және жеткілікті Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген барлық шараларды қолдануға құқылы. Лизинг берушінің осыған қатысты шығарған барлық шығындары Жеткізушінің және/немесе Лизинг алушының есебіне саналады.

119. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды есепке алмағанда, Лизинг нысанасын Лизинг алушының бастамасы бойынша қайтаруға жол берілмейді.

120. Осы Шарттың барлық өзгерістері мен толықтырулары, олар жазбаша ресімделген, Лизинг алушы мен Лизинг берушінің уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған, Тараптардың мөрлері басылған жағдайда жарамды.

121. Осы Шарт бойынша Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптан алынған қаржы, коммерциялық және басқа да ақпараттың құпиялығын, сондай-ақ осы Шарттың құпиялығын сақтауға міндеттенеді. Осындай ақпараттың немесе осы Шарттың үшінші жаққа берілуі, жариялануы немесе жұртқа жайылуы басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ осындай ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамалығымен тікелей уәкілеттелген және денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілеттелген органның талабы бойынша ұйымдар немесе лауазымды тұлғалар алуы мүмкін.

122. Жеткізуші Лизинг берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың немесе оның қандай да бір ережесінің, техникалық ерекшеліктің, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе Лизинг берушінің немесе оның атынан ұсынған ақпаратының мазмұнын Жеткізушінің Шартты орындау үшін шақырылған қызметкерінен басқа тұлғаға ашпауы тиіс. Көрсетілген ақпарат қызметкерге ғана құпия түрде және шарттағы міндеттемелерді орындау үшін қажетті мөлшерде ғана ұсынылуы тиіс. Жеткізуші Лизинг берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды немесе ақпаратты Шартты жүзеге асырудан басқа мақсатта пайдалана алмайды.

123. Осы Шартқа сәйкес берілетін барлық ескертулер, басқа құжаттар мен ақпарат, оларға бірінші басшысының (уәкілетті тұлғаның) қолы қойылып мына тәсілдермен басқа Тарапқа жолданса, тиісті түрде берілген болып есептеледі:

1) басқа Тарапқа тапсыру күніне - пошта арқылы тапсырыс хатпен, жеделхатпен немесе экспресс-поштамен;

2) басқа Тарапқа тапсыру күніне - курьер арқылы;

3) жіберу күніне - көшірмелік байланыс арқылы, бірақ міндетті түрде тапсырыс хатпен немесе көшірмелік байланыс арқылы жібергеннен кейін 1 (бір) жұмыс күннен кешіктірмей жедеқабыл поштамен ескертудің (құжаттардың, ақпараттың) түпнұсқасын кейін жіберу;

4) қабылдаушының алған күніне - электронды пошта арқылы.

124. Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуі тиіс.

125. Тараптар, Қазақстан Республикасы Азаматтық процессуалдық кодексінің 32-бабына сәйкес, төте келіссөздер арқылы шешілмеген барлық даулар мен келіспеушіліктер, Астана қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілетініне келісті.

126. Тараптар, Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын төте келіссөздер барысындағы барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күштерін салу тиіс. Егер мұндай ресми келіссөздер басталғаннан бастап 21 (жиырма бір) күн ішінде Тараптар Шарт бойынша дауды бейбіт жолмен шеше алмаса, кез келген Тарап бұл мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

127. Шарт Тараптар уәкілдері оған қол қойған сәттен бастап өз күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толықтай орындағанша әрекет етеді.

128. Шарт қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Егер Шарттың үшінші тарабы шетелдік ұйым болса, онда бір данасы сәйкес тілге аударылуы мүмкін.

129. Шарт Тараптардың әрбіреуіне бір-бір данадан және Медициналық қызметтерді төлеу комитетінің аймақтық бөлімшесіне бір дана, әрқайсысы түпнұсқа болып саналатын, бірдей заңдық күші бар 3 (үш) данада әзірленді⁴.

130. Шарт Лизинг беруші Лизинг нысанасын әрі қарай қаржылық лизингке тапсыру үшін Сатып алуды жүзеге асыру барысында Лизинг беруші, Жеткізуші және Лизинг алушы арасында туындайтын құқықтық қарым-қатынасты реттейді. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Лизинг берушінің тендерлік құжатнамасына, Жеткізушінің тендерлік өтініміне және тендер қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес келуі тиіс.

131. Шартпен көзделген мәселелердің барлығында Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сүйенеді.

17. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Лизинг беруші: «ҚазМедТех» акционерлік қоғамы, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Достық к. 18, БСН 101240007453, СТН _____, ЖСК _____, « _____ » АҚ банкінде, БСК _____, тел.: +7 (7172) 97-88-08.

Лизинг алушы: _____, Қазақстан Республикасы, _____ (мекенжайы), БСН _____, СТН _____, ЖСК _____, « _____ » АҚ банкінде, БСК _____, тел.: _____

Өнім беруші: _____, Тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, _____, Нақты тұратын мекенжайы: Қазақстан Республикасы, _____, БСН _____, СТН _____, ЖСК _____, « _____ » АҚ банкінде, БСК _____, E_mail: _____, тел.: _____

ТАРАПТАР ҚОЛЫ:

Лизинг берушіден:

Лизинг алушыдан:

Өнім берушіден:

М.О.

М.О.

М.О.

⁴ Шарт 4 данада жасалады, Лизинг алушыға лизинг төлемдері шығындар бюджет қаражатынан өтелетін жағдайда бір данасы ДБ/МСҚ АД болады.

Техникалық ерекшелік

Лизинг нысанасының Лотқа сәйкес атауы: _____

Тіркелген атауы: _____

Сатып алынатын модель: _____

Өндіруші: _____

Тіркеу нөмірі: _____

Тіркеу мерзімінің ұзақтығы: _____

Лизинг нысанасының толық техникалық сипаттамасы _____

Лизинг нысанасы жаңа және бұрын қолданылмаған болуы тиіс. Лизинг нысанасының әр жиыны, мазмұны қазақ және/немесе орыс тілдерінде аударылған техникалық және пайдалану жиынымен жабдықталуы тиіс. Лизинг нысанасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкелініп өткізілуі тиіс. Жеткізілу жиыны, аталған кестенің әр тармағы үшін (кешен немесе құрал-сайман) бөлек тауарлар мен барлық жиынның дәл техникалық сипаттамалары көрсетіліп баяндалады. Техникалық өзіндік ерекшелікте басқасы көрсетілмесе, электр қуат көзі қосымша жалғастырғыш тетіксіз немесе трансформаторсыз 220В болуы тиіс. Аспаптармен жеткізілетін бағдарламалық жасақтама соңғы алушының қондырылған құрал-сайманының бағдарламалық жасақтамасына үйлесу керек. Өнім беруші Лизинг нысанасын, аталған Лизинг нысанасында қызметкерлердің жұмыс жасауына, қондыруына, жөндеуіне және Лизинг нысанасын қосуына расталған құжаты бар білікті мамандармен жеткізілуін рәсімін қамтамасыз етуі тиіс. Лизинг нысанасын жеткізу кезінде тапсырушы Лизинг нысанасының бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу үшін Өнім беруші барлық сервис-кодтарды ұсыну тиіс. Соңғы алушы ресми ескерту алған сәттен 20 күнтізбелік күннен аспаған мерзімде пайдаланудан шыққан құрал-сайманның жөнделуін немесе оны ауыстыруын жүргізіп, сервистік және техникалық кепілдік қызмет көрсету мерзімі барлық лизинг мерзіміне болуы тиіс. Кепілдік қызмет көрсету мерзімі ішіндегі сервистік қызмет көрсетуді тоқсанда кем дегенде 1 рет Өнім берушінің білікті маманымен жүзеге асырылуы тиіс. Әлеуетті Өнім берушінің техникалық өзіндік ерекшелігіне техникалық және пайдалану сипаттамалардың, сондай-ақ модельдер және өндірушілердің сипаттауынан басқа, жеткізілетін Лизинг нысанасының суреттері қосымша тіркеледі. Өлшеу құралдарына жататын Лизинг нысанасы Қазақстан Республикасының ӨҚ тізіліміне енгізілуі тиіс. Құрал-сайманды қондыруға дейін 40 (қырық) күннен кешікпей, Өнім беруші соңғы Өнім берушіні құрал-сайманды табысты қосу үшін қажетті қондыру алдындағы талаптар жөнінде ескертуі тиіс. Бөлменің қондыру алдындағы дайындығымен күрделі құрастыру жұмыстардың жүргізуін жобаламайтын ірі құрал-сайман, сыртқы габариттер бойынша есіктің стандартты орындарынан (ені 80 см, биіктігі 200 см) өтуі тиіс. Жұмыс орнына жеткізуді, құрал-сайманды түсіруді, ашуды, қондыруды, жөндеуді және аспаптардың қосуын, аталған құжаттың сәйкестігіне олардың сипаттамасын және фирманың өзіндік ерекшелігін (дәлдігі, сезімділігі, өнімділігі және т.б.), қызметкерлердің оқытуын Өнім беруші қамтамасыз етеді. Алдын ала төлемнің мөлшерін Лизинг беруші Шартты жасасқан кезде белгілейді.

Лизинг берушіден:

Лизинг алушыдан:

Өнім берушіден:

М.О.

М.О.

М.О.

Қабылдау-тапсыру актісі

_____ (елді-мекеннің атауы, жеткізу орны)

_____ 201__ ж.

1. Өнім беруші тарабы _____

2. Лизинг алушы тарабы _____

3. Лизинг беруші тарабы _____

Актіні жасау және Лизинг нысанасын (әрі қарай - МТ) қабылдау орны _____

Комиссия құрамында: (әр тараптан): _____
(лауазымы, жұмыс орны, аты-жөні)

Өнім беруші атауы _____

Жіберушінің (өндірушінің) атауы және мекен-жайы _____

МТ атауы _____

Шот-фактураның күні мен нөмірі _____ Көліктің жөнелтпе құжатының күні мен нөмірі _____

МТ орнатылған күн _____ МТ орнатылған жер _____

МТ іске қосылған күн _____ МТ күйі _____

Серия нөмірі _____ Шығарылған күні _____

Көрсетілген МТ құрастырылған, реттелген, толық жинақталған.

Қызмет көрсететін медицина қызметкерлері оқытылды.

Анықталған ақаулардың жан-жақты көрінісі мен олардың сипаттамасы: _____

Комиссияның ақаулар, ауытқулар саны мен сапасы туралы қорытындысы: _____

Комиссия мүшелері сәйкес келмейтін мәліметтер жазылған актіге қол қойған үшін жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертілді

Комиссия мүшелерінің қолы: 1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____

1. Өнім беруші: _____

2. Лизинг алушы: _____

3. Лизинг беруші: _____

Орындаушы атынан (Аты-жөні)

Орындаушы атынан (Аты-жөні)

Орындаушы атынан (Аты-жөні)

_____ *Қолы* *м.о.*

_____ *Қолы* *м.о.*

_____ *Қолы* *м.о.*

Лизингтік төлемдердің кестесі

Лизинг алушының атауы	
Лизинг нысанының атауы	
Лизинг сомасы (теңге)	
Лизинг мерзімі (ай)	
Жылдық сыйақы мөлшері (%)	
Төлемдердің мерзімділігі	
Сыйақы сомасы (теңге)	
Лизинг төлемдерінің жалпы сомасы (теңге)	
Шарт валютасы (теңге)	
Бір медициналық қызметке келетін лизинг төлемақысының үлесі (теңге) ⁵	
Берілген медициналық техникада бір жылда көрсетілетін қызметтің ең жоғарғы саны (бірл.) ⁶	
Медициналық техниканы іске қосу күні (күн, ай, жыл)	

Рет.№	Төлеу күні (күн, ай, жыл)	Лизинг төлемі (теңге)	Сыйақы (теңге)	Негізгі қарыз (теңге)	Негізгі қарыздың қалдығы (теңге)	Жоспарлы медициналық қызметтер саны (бірл.) ⁴
1						
2						
3						
4						
5						

Атқарушы: _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болса)/қолы)

Лизинг берушіден:_____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болса)/қолы)**Лизинг алушыдан:**_____
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болса)/қолы)

⁶ - бұл тармақ мемлекетке тиесілі дауыс беретін акцияларының жүз пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және шаруашылық серіктестіктердің ұйымдастыру-құқықтық нысанында Лизинг алушылар үшін әрекет етеді.

№ _____ Сәйкессіздік туралы акті

Қабылдау-тапсыру күні _____

Лизинг алушының атауы мен мекен-жайы _____

Өнім берушінің атауы _____

Лизинг нысанасының атауы _____

Зауыттық/серия нөмірі _____

Лизинг нысанасының орналасқан жері _____

Жинақтамасы:

Жұмысқа жарамдылығы және опцияларының, режимдерінің т.б. болуы:

Анықталған ақаулардың, ауытқулардың толық көрінісі мен олардың сипаттамасы: _____

Комиссияның ақаулар, ауытқулар саны мен сапасының себептері туралы қорытындысы: _____

Өнім беруші: (Аты-жөні) _____ (қолы) _____

Лизинг алушы: (Аты-жөні) _____ (қолы) _____

Лизинг беруші: (Аты-жөні) _____ (қолы) _____

Өтеу кестесі

Өнім берушінің атауы	
Медициналық техниканың атауы	
Пайдалануға берілген күні	
Бөліп төлеу мерзімі	
Төлемдердің дүркінділігі	
Жалпы төлемдердің сомасы	
Төлемнің сомасы	

№	Өтеу күні	Төлем	Қарыздың қалдығы
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
...			

Лизинг берушіден:**Өнім берушіден:**_____
М.О._____
М.О.

Лизинг нысанасын ауыстыру актісі

1. Өнім Берушінің тарабы _____

2. Лизинг Алушының тарабы _____

3. Лизинг Берушінің тарабы _____

Лизинг нысанасын ауыстыру актісін жасалған орны (бұдан әрі МТ) _____

Комиссия құрамы: (әр тараптан): _____

(лауазымы, жұмыс орны, тегі, аты, әкесінің аты)

Жеткізушінің атауы _____

МТ атауы _____

МТ орнату күні _____ МТ орнату орны _____

МТ іске қосу-баптау күні _____ МТ жағдайы _____

Сериялық нөмірі _____ шығарылған жылы _____

МТ ауыстыру себебі _____

Егжей-тегжейлі сипаттамасы, анықталған ақаулар, ауытқулар және олардың сипаты: _____

Ауытқулар саны мен сапасының ақау себептері туралы комиссия

қорытындысы: _____

Комиссия мүшелері қол қойған шындыққа сәйкес келмейтін деректерден тұратын актіге жауапкершілігі туралы ескертілді.

Комиссия мүшелердің қолы: 1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____

1. Өнім беруші: _____
Орындаушы атынан (Аты-жөні)

2. Лизинг алушы: _____
Орындаушы атынан (Аты-жөні)

3. Лизинг беруші: _____
Орындаушы атынан (Аты-жөні)

_____ *Қолы* *м.о.*

_____ *Қолы* *м.о.*

_____ *Қолы* *м.о.*